

Бекітемін

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

Басқарма төрағасы – Ректор,

г.ғ.д., профессор қабылдау

комиссиясының төрағасы

Баймырзаев

« 07 »

2022ж.



В042 – «Журналистика және репортер ісі»

білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

1. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1.1 Бірінші шығармашылық емтихан – берілген тақырыптар бойынша шығарма жазу.

Жазбаға емтиханды 3 сағат уақыт беріледі. Оқуға түсуші өз ойларын қағаз бетіне қазақ және орыс тілдерінде (қалауы бойынша) түсіреді. Жазбасы төмендегідей талаптарды ұстануы қажет:

- Тақырып пен мазмұнының сәйкестігі.
- Берілген тақырыпты толықтай ашып, оның жан-жағындағыларды қамтып өту.
- Жазбадағы сандардың нақтылығы.
- Жазған ойына дәлелдердің болум және логикалық ойдың дұрыстығы.
- Жоспардың түбегілігі.
- Өз ойың қағаз бетіне еркін түсіру. Ойыңды тәуелсіздігі.
- Стықш, таңдау арқылы өзгеріс мен беру.
- Эпиграф, кейіпкер, мәліметтерді орымен қолдану.
- Грамматикасына, пунктуациясына назар аудару. Әдеби ойдың дұрыстығы.

Талапкер таңдаған бір бағыттың бағыты үш жазырып болады. Көрсетілген үш тақырыптың бірі туралы жазылады.

Талдықорған 2022

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«B042 – Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсші міндетті түрде шығармашылық емтихан тапсырады. Шығармашылық емтихан – оқуға түсушінің журналистикаға деген бейімділігін айқындайды.

Шығармашылық емтиханның негізгі мақсаты: оқуға түсушінің журналистік жұмысқа дайындығын байқап, сол бойынша іріктеп алу. Білім берудің негізгі шарттарына сәйкес оқуға қабылданушы екі шығармашылық іріктеуден өтеді. Біріншісі: эссе жазу (жазбаша) және екінші шығармашылық – әңгімелесу, баяндау (ауызша) үлгісінде болады. Шығармашылық емтихан талапкерлердің шыңдалуына септігін тигізеді. Берілген тақырыптар бойынша өз ойларын еркін айтып, жазу арқылы білімдерін көрсетеді.

Жалпы орта, техникалық, кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсуші екі шығармашылық емтихан тапсырады, әр емтихан 45 балдық жүйемен бағаланады.

Жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ұқсас мамандықтар бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер мамандану нормативтері бойынша бір шығармашылық емтихан тапсырады. Мамандандыру нормативтері бойынша бір шығармашылық емтиханның ең көп саны 20 баллға тең.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

1. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1.1 Бірінші шығармашылық емтихан – берілген тақырыптар бойынша шығарма жазу.

Жазбаша емтиханға 3 сағат уақыт беріледі. Оқуға түсуші өз ойларын қағаз бетіне қазақ және орыс тілдерінде (қалауы бойынша) түсіреді. Жазбасы төмендегідей қағидаларды ұстануы қажет:

- Тақырып пен мазмұнның сәйкестігі.
- Берілген тақырыпты толықтай ашып, оның жан-жағындағыларды қамтып өту.
- Жазбадағы сандардың нақтылығы.
- Жазған ойына дәлелдердің болуы және логикалық ойдың дұрыстығы.
- Жоспардың жүйелілігі.
- Өз ойын қағаз бетіне еркін түсіру. Ойының тәуелсіздігі.
- Стилдік, тілдік ерекшеліктеріне мән беру.
- Эпиграф, дәйексөз, мақалдарды орнымен қолдану.
- Грамматикасына, пунктуациясына назар аудару. Әдеби ойдың дұрыстығы.

Талапкер таңдаған бір билеттің ішінде үш тақырып болады. Көрсетілген үш тақырыптың біреуін таңдап, сол турасында жазады.

Орфографиялық нормалар, пунктуация жүйесі, стилдік ерекшеліктеріне байланысты жазбаша шығармашылық 20 балмен бағаланады. Жұмыстар шифрланып, жазған талапкердің есімі құпия қалпында сақталады.

Жазба жұмыстары төмендегідей бағаланады:

45-40 балл. 45 балл саны әр эссе үшін қойылады, онда тақырып дұрыс ашылып, кішігірім стилистикалық қателіктер жіберіледі. Жұмыс сөз байлығымен, қолданылатын синтаксистік құрылымдардың алуан түрлілігімен, қолданудың дәлдігімен ерекшеленеді.

Мәтіннің стилистикалық бірлігі мен экспрессивтілігіне қолжеткізіледі, Стилистикалық, орфографикалық, тыныс белгілерінің қателері жоқ. Сауаттылықтың жоғары деңгейі және жазба сөйлеу нормаларын білу (қателердің болмауы, немесе бір орфографиялық қате; немесе бір пунктуациялық қате; не бір грамматикалық қате).

45-35 балл. 45-35 балл белгілі бір қателіктер жіберілген эссе үшін қойылады, бірақ тақырыптың идеялық мазмұны толығымен көрсетілген. Сөйлеудің лексикалық және грамматикалық құрылымы әртүрлі. Пайымдаулардың дербестігі, авторлық позицияның айқындылығы. Тақырыпты ашудағы тәсілдің өзіндік ерекшелігі. Сөздік қорының кеңдігі мен әртүрлілігі. Сауаттылықтың жоғары деңгейі және жазбаша сөйлеу нормаларын білу (немесе екі орфографикалық қате; немесе екі пунктуациялық қате; немесе екі грамматикалық қате).

16-5 балл. Тақырыпқа байланысты мазмұнын ашқанымен әріптік, пунктуациялық қателіктерге ұрынған, лексикасы мен грамматикасы үндеспейтін талапкерлер алады. Тақырыптың ашу тәсілінің бірегейлігі. Сөздік қорының байлығы және әр алуандығы. Жоғары сауаттылық деңгейі және жазба сөз мәнері нормаларын білуі (екі орфографиялық қате; немесе екі пунктуациялық қате; не екі грамматикалық қате).

5 балдан кем. Тақырып ашылмаған. Композициялық және мағыналық логиканың, шығармашылық ізденіс элементтерінің болмауы. Тіл жұтаңдығы және стильдің бір сарындылығы. Сауаттылықтың және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің төмен деңгейі (жеті орфографиялық және жеті пунктуациялық қате; немесе алты орфографиялық және сегіз пунктуациялық қате; бес орфографиялық және тоғыз пунктуациялық қате; немесе сегіз орфографиялық және бес пунктуациялық қате; немесе тоғыз пунктуациялық қате; немесе жеті грамматикалық қате).

5 баллдан төмен нәтижеге ие болған оқуға түсуші ауызша емтиханға жіберілмейді.

1.2. Екінші шығармашылық емтихан – әңгімелесу.

Шығармашылықтың екінші, яғни ауызша емтиханға әр талапкер өзінің жеке портфолиосын жасайды, ондай болмаған жағдайда мамандық туралы, өзі жөнінде комиссия мүшесімен ашылып ашық сөйлеседі. Қабылдау комиссиясының мүшелері әр талапкерді жеке-жеке қабылдап, портфолиосына байланысты сұрақтар қойып, осыған дейінгі жеткен жетістіктеріне тоқталып, істеп келген жұмысына баға береді. Комиссия мүшелерінің негізгі міндеті – бағыт-бағдарды көрсетіп, келген талапкерлерге

мотивация беріп, мамандықты жақсы көруге жетелеу. Ауызша емтихан сұрақ-жауап түрінде еркін өтеді.

Портфолиоға әр түрлі конкурстардан, жарыстардан орын алған марапат қағаздары (Пәндік олимпиада, Абай-Шәһкәрім оқулары, Оралхан Бөкей оқулары, Ілияс оқулары, Махамбет оқулары т.б), еңбегі мен ісі үшін алған мадақтау қағаздары (Аудан басшылығынан, мектеп мүдірінен, ұстаздардан т.б), әр түрлі додалардағы дипломдары (волейболдан, футболдан, шахматтан т.б) жинақталады. Негізгісі мектеп қабырғасында жүргенде әр түрлі басылымдарда жарық көрген материалдарының қиындысы (республикалық басылымдармен облыстық «Жетісу», «Оғни Алатау», «Алатау», «Білім шапағаты» және аудандық газеттерге шыққан мақаласы, әңгімесі, өлеңі, очеркі т.с.с) болып табылады. Одан бөлек өзінің шығармашылығын көрсететін фотожинақтар, видеороликтер мен слайдтарды көрсетуге болады.

Талапкерлерді қанаттандыруға арналған сынақ-сұрақ

Жазған материалдары туралы автордың өз ойы

Әлеуметтік қайта құрудағы журналистің міндеті

Талапкерді БАҚ және журналистика турасында әзірленген сұрақтар

Республикалық және облыс, аудандардағы газет-журналдар.

Телевидение мен радионың жергілікті жердегі және мемлекет көлеміндегі деңгейі.

Онлайн-журналистика мен жаңа медиа.

Қоршаған ортада болып жатқан жаңалықтардан хабардар болуы

Бүгін болып жатқан әлемдегі саяси оқиғалар

Еліміздің экономикалық жағдайы

Аймақтық елді-мекендердің даму көрсеткіші.

Ауызша емтихан төмендегідей бағаланады:

45-40 балл. Республикалық баспасөзде және облыстық («Жетісу», «Оғни Алатау», «Алатау», «Білім шапағаты» газеттері) жарық көрген мақалалар мен жеке шығармашылық жұмыстарға (әңгіме, очерк, өлең т.б.) мазмұнына орай, жеке жинақ болып шыққан кітаптарға және облыстық мұшайралар мен шығармашылық сайыстардың, сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиет пәндерінен республикалық, облыстық олимпиада жеңімпаздарына, «Абай оқулары», «Ілияс оқулары», «Мұқағали оқулары» және т.б. оқулардың жеңімпаздарына қойылады.

45-30 балл. Аудандық және қалалық басылымдарға, жеке баспаларға жарияланған мақалалар мен жеке шығармашылық жұмыстарға (әңгіме, очерк, өлең т.б.), аудандық олимпиада жеңімпаздарына, «Абай оқулары», «Ілияс оқулары», Мұқағали оқулары» және т.б. оқулардың жеңімпаздарына, аудандық білім бөлімінің немесе мәдениет басқармасының алғыс хаттары мен марапаттау қағаздарын алған абитуриенттерге қойылады.

29-17 балл. Мектепшілік қабырға газеттеріне, мектеп әкімшілігінің марапаттау қағаздары мен алғыс хаттарын алған, өзінің жеке шығармашылық жұмыстарын (әңгіме, очерк, өлең т.б.) комиссия қарауына ұсынған абитуриенттерге қойылады.

16-5 балл. Сөз мәдениетінің орташа деңгейі. Жылдам ойлаудың тәжірибелік дағдыларының жетіспеушілігі. Жалпы мағлұматтың қазіргі

заманғы БАҚ жөніндегі білім деңгейінің төмендегі. Газет мәтінін немесе теле-радио бағдарламаларды талдай білмеуі.

5 балдан кем. Сөз мәдениетінің төмен деңгейі. Өз ойын байланыстыра отырып, логикалық, қысқаша баяндау дағдысының болмауы. Үстіртін болжамдар мен қорытындылар. Шығармашылық жұмыс туралы көрінісінің болмауы, төмен танымдық деңгейі, ой өрісінің тарлығы. Газет мәтінін немесе теле-радио бағдарламаларды талдай білмеуі. Тандалған мамандыққа немқұрайлы қарауы. Қойылған сұрақтарға қанағаттанарлықсыз деңгейде жауап беруі.

Шығармашылық емтиханнан 5 бал не одан төмен жинаған түсуші оқуға жіберілмейді. Ал шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

Жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша ұқсас білім беру бағдарламалары тобына түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Оқуға түсу үшін шығармашылық емтихан 1 кезеңнен тұрады.

Бұл кезеңде ұсынылған тақырыптардың біріне шығарма жазу түрінде өткізіледі. 3 сағат ішінде талапкер таңдап алған тақырыбын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға арнаған журналистік шығарма түрінде түсіндіріп беру керек. Жазылған шығарма таңдалған тақырыпты жан-жақты ашып, шындықтың мәселелі көріністерін, қоғамдық пікірді, құндылықтарды баяндап, өмірлік деректерге сілтемелер болуы, автордың журналистика мамандығы жөніндегі түсінігін көрсетіп, жазба сөз мәнерін жеткілікті түрде меңгергенін көрсетіп тұруы қажет.

20 балл. Тақырыптың терең жан-жақты таңдалып, ашылып көрсетілуі. Ой өрісінің жоғары деңгейі. Пайымдаудың дербестігі, авторлық көзқарасының айқындығы. Білім деңгейінің ашылып отырған тақырыпқа сәйкестігі. Шығармашылық міндеттің идеялық-композициялық шешімінің бірегейлігі және тартымдылығы. Шығарманың толық лингвистикалық біртұтастығы, композициялық үйлесімділігі, ойдың ашық және мазмұнды бірегейлі және тартымдылығы. Эссенің толық лингвистикалық біртұтастығы, композициялық үйлесімділігі, ойдың ашық және мазмұнды жеткізілуі. Сөздік қорының байлығы және әр алуандылығы. Жоғары сауаттылық деңгейі және жазба сөз мәнері нормаларын игеруі (қателердің болмауы: немесе бір орфографиялық қате; немесе бір пунктуациялық қате; не бір грамматикалық қате).

19-17 балл. Тақырыптың ашылуы. Мәтінді композициялық тұрғыдан дұрыс құру дағдыларының болуы, ойын логикалық түрде дұрыс өрбіте білуі. Пайымдаудың дербестігі, авторлық көзқарасының айқындығы. Тақырыпты ашу тәсілінің бірегейлігі. Сөздік қорының байлығы және әр алуандылығы. Жоғары сауаттылық деңгейі және жазба сөз мәнері нормаларын білуі (қателердің болмауы; немесе бір орфографиялық қате; немесе бір пунктуациялық қате; не бір грамматикалық қате).

16-13 балл. Баяндау формасының өрбітілетін тақырыпқа сәйкестігі. Композициялық және мағыналық логиканың болуы. Журналистика жанрларында жаза білуі. Сөздік қорының байлығы және әр алуандылығы. Сауаттылығының және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің жақсы

деңгейі (қателердің болмауы; немесе екі орфографиялық және екі пунктуациялық қате; немесе бір орфографиялық және үш пунктуациялық қате; немесе орфографиялық қате жоқ және төрт пунктуациялық қате; немесе екі грамматикалық қате).

12-9 балл. Журналистика жанрларында жаза білу қабілетінің болуы жағдайында тақырыптың толық ашылмауы. Ойын баяндаудағы нақтылықтың болмауы. Логиканың бұзылуы. Сөйлеу белгілері, бір сөздің мәнін қайталай беруі. Сауаттылықтың және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің орташа деңгейі (төрт орфографиялық және төрт пунктуациялық қате; немесе үш орфографиялық және бес пунктуациялық қате; немесе орфографиялық қателер болмағанда жеті пунктуациялық қате; немесе төрт грамматикалық қате).

9-5 балл. Мазмұнының тақырыпқа сәйкес келмеуі. Тақырыпты ашудағы бірегейлі тәсілдің болмауы. Тіл жұтандығы, стильдің бір сарындылығы, композицияның жадағайлығы, ойының шолақтығы. Сауаттылықтың және жазба сөз мәнерінің нормаларын білуінің орташа деңгейі (төрт орфографиялық және төрт пунктуациялық қате; немесе үш орфографиялық және бес пунктуациялық қате; немесе орфографиялық қателер болмағанда жеті пунктуациялық қате; немесе төрт грамматикалық қате).

5 балдан кем. Тақырып ашылмаған. Композициялық және мағыналық жеткізілуі. Сөздік қорының байлығы және әр алуандығы. Жоғары сауаттылық деңгейі және жазба сөз мәнері нормаларын игеруі (қателердің болмауы; немесе бір орфографиялық қате; немесе бір пунктуациялық қате; не бір грамматикалық қате).

2. Санитарлық-эпидемиологиялық шектеулер жағдайында шығармашылық емтихандарды қабылдау жөніндегі нұсқаулық

Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін, құрамына медицина қызметкері кіретін пәндік комиссиялар құрылады.

Емтихан өтетін жерге және емтихан тапсырушылар тобын қалыптастыруға қойылатын талаптар:

1. Адамдардың жиналуын болдырмау және қашықтықты физикалық сақтау, масканы кию, шығармашылық емтихан өткізуге арналған ғимараттарда және күту орындарында қолды дезинфекциялау.

2. Емтихан қабылдау өткізілетін ғимаратты үнемі желдетіп отыру, оқуға түсушілердің жабдықтардың беттеріне қолын тигізетін жерлерді дезинфекциялау, оның ішінде ғимараттан тыс жерлерге де қатысты болуы мүмкін.

3. Кезек тағайындауды оқуға түсушілер арасында күту орындары мен емтихан өткізуге арналған ғимараттарда барынша ең жоғарғы қашықтықты сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру.

4. Күту орындарында еріп жүрушілер де физикалық қашықтықты сақтау және қажетті қорғау шараларын қамтамасыз ету ережелерін ұстанады.

5. Шығармашылық емтихан қабылдау үшін кіші топтарды қалыптастыру алфавиттік тәртіппен қазақ және орыс бөліміне бөлініп, 20 оқуға түсушілерден аспайтын мөлшерде бөле отырып жүзеге асырылады.

6. Шығармашылық емтихандарды қабылдау ашық стадиондар мен спорт алаңдарында, спорт залдарында ауданы кемінде (250 м2) жүзеге асырылады.

7. Оқуға түсушілердің шығармашылық емтихан қабылдау орнына келуі, емтихан басталғанға дейін кемінде 30-40 минут бұрын болуы тиіс.

Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар:

1. Әрбір оқуға түсушілердің өзімен бірге жеке куәлігінің болуы және емтиханда медициналық бетперде мен қолғаптың болуы және белгіленген уақытта емтиханға қатаң келуі тиіс.

2. 18 жасқа толған оқуға түсушілер емтиханға еріп жүретін тұлғаларсыз келеді, кәмелетке толмаған оқуға түсушілер емтиханға 1 қамқоршымен немесе емтихан қабылдау орнының аумағынан тыс жерде болатын өкілдің еріп жүруімен жіберіледі.


Қабылдау жөніндегі нұсқаулық:

1. Емтихан өткізу кезінде оқуға түсушілер бір-бірінен 1,5-2 метр қашықтықта арнайы сызылған таңбада орналасады.

2. Емтиханға кіру және шығу кезінде арнайы орнатылған санитаризерлердің көмегімен қолдарын өңдеуі қажет.

3. Оқуға түсушілерге емтихан алушыға жақындауға қатаң тиым салынады. Оқуға түсуші тарапынан сұрақтар туындаған жағдайда 1,5-2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қабылдау комиссиясының мүшелеріне жүгіну қажет.

**Журналистика және ақпарат
БББ жетекшісі:**



Ж.Есенбек

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы:**



Г.Кыдырбаева